

Ысқақ О.Е.¹, Қадыржанов Р.Қ.²

¹2-курс магистранты, e-mail: oralbek.y@mail.ru

²философия ғылымдарының докторы

ҚР БҒМ ҒК «Философия, саясаттану және дінтану институты» РМҚК,
Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭТНОСТАРДЫҢ
ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫНДАҒЫ АУМАҚТЫҚ МЕЖЕЛЕУДІҢ РӨЛІ
(толық жөндеуден өткен нұсқа)**

Мақалада тарихта әйгілі болғандай 1924 жылы Орта Азия Республикаларын шекаралық межелеу саясаты уақытша үкіметі таратылғаннан жүзеге асырыла бастады. Бұл аталмыш өзгеріске толы саясат Қазақстанға өз әсерін тигізді. Осы үрдістің нәтижесінде қазіргі Қазақстан территориясының этникалық құрамы өзгеріске ұшырап, жер көлемі нақтыланды. Қазіргі таңда осы саясаттың салдарынан Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет болып табылады. Осы жұмысты межелеу саясатының Қазақстанның этникалық құрамына тигізген әсерін ғылыми тұрғыдан зерттеуді мақсат еттік. Ғылыми жұмысты зерттеу барысында Ресей сондай-ақ, Өзбекстан және өз еліміздегі мұрағаттардағы материалдарды пайдалана отырып 1924 жылғы межелеу саясатының басты оқиғаларын және оның неден басталғандығы және бүгінгі таңда сол саясаттың арқасында қандай жағдайға жеткеніміз жайында айтылады. Автор өз ойын жақсы қорыта білген, мақаланы жазу барысында Отандық тарихнамадағы соңғы онжылдық көлемінде жазылған проблематикалық еңбектер тізімін бере алған. Бұл мәселе бұрын қарастырылып кең ауқымды түрде ғылым тарапынан зерттелмегеніне байланысты осы тақырыпқа арнайы шет елдік әдебиеттер жазылмаған. Өйткені архивтік құжаттар тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолжетімді болды. Мақалада халық санағына байланысты және жергілікті ұлттың үлес салмағының өзгеруі секілді жәйттер айтылады. 90-жылдары саясаттану ғылымы тарих факультетінің құрамында болғандықтан, аталмыш мәселемен тарихшылардың көп айналысқаны байқалады. Соған орай тәуелсіздік алған жылдарындағы тарихшылардың саяси көзқараста жазған еңбектері көбірек пайдаланылды.

Түйін сөздер: межелеу, Орта Азия, саяси араласу, саяси фактор.

Yskak O.E.¹, Kadyrzhanov R.K.²

¹2-year master's student, e-mail: oralbek.y@mail.ru

²doctor of philosophy

Institute of philosophy, political science and religious studies,
Kazakhstan, Almaty

**The role of determining the borders
in Kazakhstan ethnic integration
(fully revised version)**

This article describes the history of the borders of Central Asia in 1924, whose history became popular and began after the dissolution of the interim government. This policy has influenced Kazakhstan. As a result of this policy, the ethnic composition of the territory of Kazakhstan was changed, and the size of the modern territories was determined. Currently, the Republic of Kazakhstan is a multinational state thanks to this policy. The purpose of the article is to study the influence of the formal border security policy on the ethnic composition of Kazakhstan. In the study of research works used archival materials of Russia, Uzbekistan and our country. The main events of the identification of the boundaries of 1924 related to cultural integration and its origin are determined. It also speaks of intellectuals and leaders of

free people who were active in border. This topic has not previously been widely studied by science, and foreign literature on this topic has not been written. Because archival documents were available only after independence. The article discusses issues of census and changes in the proportion of the local population. Since the 1990s, political science has been part of the history department; over the years of independence, historians have begun to use their political views more closely.

Key words: definition of borders, Central Asia, political intervention, political factors.

Ыскак О.Е.¹, Қадыржанов Р.К.²

¹магистрант 2 курса, e-mail: oralbek.y@mail.ru

²доктор философских наук
РГКП «Институт философии, политологии и религиоведения»,
Казахстан, г. Алматы

Роль определения границ в казахстанской этнической интеграции (полностью переработанная версия)

В данной статье описывается определение границ Средней Азии 1924 года, история которой началась после роспуска Временного правительства и до сих пор является популярной для изучения. Это та политика, которая оказала важное влияние на социально-демографическую ситуацию в Казахстане. В результате этого процесса этнический состав территории современного Казахстана был изменен, и был определен размер современной площади Республики. В настоящее время Республика Казахстан является многонациональным государством во многом благодаря этой политике. Целью статьи является изучение влияния формальной политики безопасности границ на этнический состав Казахстана. При изучении научно-исследовательских работ использовались архивные материалы России, Узбекистана и Казахстана. Нами определяются основные события идентификации границ 1924 года, связанные с культурной интеграцией и ее происхождением. Автор старается разобраться в истории собственного народа, при написании статьи он перечислил список проблемных тем, написанных в последнее десятилетие в отечественной историографии по данной проблематике. Делается вывод, что эта тема ранее широко не изучалась политической наукой, и отсутствуют ее упоминания в зарубежной литературе. Причина неизученности данной проблематики, на взгляд автора, состоит в том, что архивные документы стали доступны только после обретения независимости. В статье рассматриваются вопросы переписи населения и изменения доли местного населения (в какие годы указать). С 1990-х годов прошлого века политическая наука была частью единой исторической науки и специалисты этой области вели общую методологическую работу, используя компаративистический метод (историко-сравнительный) анализа. По этому поводу архивными материалами данной проблематики занимались отечественные историки, которых автор статьи отметил уже в своей работе.

Ключевые слова: определение границ, Центральная Азия, политическое вмешательство, политические факторы.

Кіріспе

Зерттелу жұмысының алға қойып отырған мақсаты: өткен ғасырымыздағы шекаралық межелеудің қазіргі Қазақстанның мәдени интеграциясына тигізген әсеріне ғылыми талдау жасау.

Ол өз алдына аталмыш мақсат мынадай **міндеттерді** жүктейді:

– Отандық тарихнамадағы дәйектерді сілтеме түрінде қолдану;

– Кеңес дәуіріндегі зерттеу жұмыстарын назарда ұстау;

– Қазақстанда тұрып жатқан ұлттар мен ұлыстардың кешегісін бүгінмен сабақтастыру үшін тарихты негізге алу; және т.б.

Зерттеу шеберханасы әдіснамалық методологиясы: мақаланы жазу барысында

методологияның компаративистика, кросс-темпоралды, анализдеу, синтездеу түрлері қолданылды.

Мәселенің бүгінгі күнмен байланыстылығы: ресми шекараның бекітілуі келешек Қазақстан республикасының ұлттық территориясын айғақтап беруге көмектесті.

Жасалынған гипотеза (тұжырымдама): Қазақстанға өткен ғасырда көшіп келіп, өмір сүріп жатқан көптеген ұлттар мен ұлыстардың жергілікті әрі байырғы қазақ сынды халықпен бір арнада мәдени интеграциялануы үшін тарихи интерпретацияға тікелей байланысты шекаралық белгіленудің маңызы үлкен болғандығы расталды. Яғни, барлығын ортақ тағдыр мен орнықты тұрып жатқан алып территория ғана біріктіре алды.

Дерек көздері: КОКП құжаттары, КСРО зерттеу институты материалдары, Отандық зерттеушілердің еңбектері.

Талқылау

Қазіргі таңда ұлттық бірегейлік идеясының өміршеңдігін байқау үшін, оның бастапқы тамырын көне ғасырдан іздегеніміз дұрыс. Өткен ғасырда ұлтымыз өзінің саяси кеңістікте жалғыз екендігін сезіне алғандықтан, ортақ жау алдында бас қосып, біріге алды. Біріге алушылық өмірге қазақ зиялыларын алып келген болатын. Еліміздің ХХ ғасырдың 20-шы жылдары жерлерінің бір мемлекеттік құрылымның ішіне енуі, Қазақ АКСР-нің құрылуы және оның үлесіне тиген жерлердің құрамының сан алуандығы, Қазақстан және Орталық Азияда жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу саясатының алғышарттары, барысы мен нәтижесі, солтүстіктегі біраз жерлердің Ресей Федерациясының құрамына өтіп кетуі секілді кейбір шешімін тапқан және таба алмаған мәселелер кеңінен қарастырылу жолында тұрған-ды (Атабаев Қ. 2000: 34). Айтулы тақырыпқа көшпестен бұрын, өткен ғасырымыздағы халқымыздың жүріп өткен тарихи ізіне көз салғанымыз дұрыс.

Бұндай саяси өзгерістер келешекте Қазақстанда тұрып жатқан ұлттың этникалық құрамы жағынан өзгеруіне алып келуіне қолайлы табиғат жасады. Этностық табиғат құрылымы мен қызметі жағынан сан алуан, ол гендік немесе дәстүрлік табиғатпен етене жақын ұғым. Көпұлттылықтың мемлекетке берері де, етер әсері де біршама. Ендеше, мемлекетіміздің қазіргі жағдайы өткен ғасырдағы шекаралық межелеу мәселесінен бастау алатыны заман талабымен дәлелденген өмір шындығы десек қателеспеген болар едік. ХХ ғасыр өз кезегінде өзіне дейін қабылданған уақытша ережеге қарама-қайшы ұстанымдар әкелуімен, сол кезгі бір тұтас шекараны өзгеріске ұшыратумен тарихқа енді. Столыпин, Бутков комиссиялары тек Қазақстанның шекарасын ғана емес, сонымен бірге оның ұлттық құрамын да өзгеріске ұшыратты. Мәдени интеграциялануы жолында бас кезінде түрлі қиындықтардың болғаны сөзсіз (Богачев А.К. 2000: 89)

Түрлі этностық синтезделудің нәтижесінде қазіргі 130-ға тарта құшағында өмір сүретін көп ұлтты Қазақстан республикасы қалыптасқан болатын. Тарихи эволюцияның барысында бұл аталмыш жәйттер саяси тұрғыдан да еліміздің шалғай аймақтарына әсер етпей қоймады. Отан-

дық тарихнамада бұл мәселе оңтайлы зерттеліп, соңғы уақытта тарихшылар мен саясаткерлердің тарапынан жаңа көзқарастарға толығып, өз кезегінде компаративистикалық методология шеңберінде зерттеліп келуде.

Сонымен қатар Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекара мәселесі аса қиындықпен қарастырылмаған еді, өйткені іргелес Өзбекстанның Қазақстанға жақын облыстарында қазақтардың саны басым болатын. Оның үстіне Ташкент, Навои, Қарақалпақстан жерлерінде қазақтар жартысынан көп бөлігін құрап отырды. Ұлт зиялыларының қазақ жері үшін күресі, Өзбекстанда біраз қазақи жерлерінің қалып қоюы большевиктік тараптан талқыланбақ болды. Межелееу саясаты уақытша үкіметтің өз қызметін тоқтатқан кезінен бастап қолға алына бастаған еді.

Межелееу саясаты кезінде Тәжікстандағы, Түркіменстандағы шекара мәселесінің соңғы нүктесіне шолу түрінде өтті. Орталық Азия халықтарының қазіргі заман тарихында 1924-1925 жж. Большевиктер партиясы жүргізген ұлттық-аумақтық межелеу саясаты аса күрделі және даулы оқиға болып табылды. Халықтардың сауда-экономикалық байланыстарына, этникалық салт-дәстүрлерінің жақындылығына, рухани және діни ынтымақтастығына алдағы уақытта дамуына үлкен кедергі болды. Соған қарамастан, кеңестік Түркістан қалыптасқаннан бір мезгілде Орталық Азияны бірнеше тәуелсіз республикаларға бөлу мәселесі көтерілді. Бұл ұлттық-аумақтық межелеу көп ұлттық Түркістан қаласында Лениннің ұлттық саясатының практикасын іске асыру жолындағы маңызды қадам болады деп атап өтілді (Bargiela-Chiappinif 2009:98).

«Шынында, 1920 жылы В.И. Ленин, этникалық белгілері бойынша біртұтас мемлекет құру нұсқауларын қосып, мемлекеттілікті құру мәселесі бойынша Түркістан АКСР-нің басшыларының жоспарлары мен ұсыныстарын қарастыра отырып, Орталық Азияның байырғы халықтарының мемлекеттік автономия мәселесін қарастыру қажеттігін атап өтті. Кеңес өкіметі Қазақстан аумағында орнап, билігін жүргізген соң еліміздің шекаралық аймақтарына көздері түсе бастады, нәтижесінде Ресейдің аудандарынан әр түрлі ұлт өкілдерін қазақ жерлеріне көшіріле бастады», – деп Отандық тарихнамашыларымыз аталмыш тақырыпқа өз бағасын беру үстінде.

Оған дейін жоғарыда айтылған Бутков құрған дала комиссиясы қазақ жерін батыс

пен шығысқа бөлу керек деген тұжырымдама жасаған. Бірақ оның бұл ұсынысы көпшілік тарапынан еш қолдау таппай, жүзеге асырылмаған күйінде қалды. Мемлекеттілігіміздің қайнар көзі ретінде ұлттық территориямызды сол кезде Ахмет Байтұрсынов бекер қарастырмады.

Осы тұста үкімет басшылығы атынан В.И. Ленин және оның саяси әріптестері БОАК пен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Түркістан істері жөніндегі комиссиясы мүшелерінің айтуымен Т. Рысқұловтың біртұтас Түркістан туралы ұсынысын қабылдамай тастағаны белгілі. 1920 жылғы 13 маусымда РК(б)П ОК-і «РК(б)П-ның Түркістандағы міндеттері туралы» шешімдерінің жобасына ол өз ескертпелерін жазды, ол жерде ол: *«Меніңше, комиссияның жобасы дұрыс, Т. Рысқұловтың жобасын қабылдамау керек...»*, – деп атап өтті. Өз ескертулерін В.И. Ленин мынадай сөйлемдермен тәмамдады: *«Өзбек, Қырғыз және Түркімен бөлімшелерімен Түркістанның картасын (этнографиялық және т.б.) жасау тапсырылсын. Осы 3 бөліктің қосу мен ажырату секілді заңдық күші бар шарттары егжей-тегжейлі анықталсын»* (Бекмаханов тағылымы 2004: 47 б). Бұл сөздерден ұлтжандылыққа айрықша қарсы бағытталған саяси сарын лебін байқай аламыз.

Шекаралық комиссия төрағасы кең-байтақ қазақ жерінің тұтастығын сақтау аса қауіпті деген ойда болуы да мүмкін. Саясаткерлердің екінші тобының пікірінше, көшпенділер кең жерді игере алмауы мүмкін деген ойда болғандықтан, отырықшыландыру мақсатында отырықшы елдердің үлес салмағын басым етті дейді. Қажетті саяси және экономикалық жағдайлардың қалыптасуына (Азамат соғысының аяқталуына, шартты түрде тұрақтылықтың орнығуына, ұлттық басшы кадрлардың даярлануына, өңірде халық шаруашылығының қалпына келе бастауына, аумақтың этникалық тұтастығын қалпына келтіру негізінде, Кеңес өкіметінің принциптері бойынша болса да, Орта Азия халықтарының өзінің ұлттық мемлекеттілігін құру қажеттігін сезінуіне) қарай Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеу жөніндегі күрделі жұмысқа тікелей кірісу мүмкіндігі туындады.

Әсіресе, неміс, украин, орыс, татар, кәріс, белорусь, қырым татарлары, чуваш, малдован, латыш, вайнах ұлттары қоныстана бастады. Әсіресе, үлкен жылдамдықпен неміс ұлтының саны өсе түсті. XX ғасырдың 2-ші онжылдығында Қазақстанда неміс халқы үлкен этникалық топ болып саналды, олар санақ бойынша тек қазақ, өзбек, орыс, украин, татар және

ұйғыр халықтарын ғана өзінен ілгері жіберді. Неміс азаматтары бәрінен бұрын шеткі орталық аймақтар Ташкент және Омбыда, сондай-ақ Павлодарда, Петропавлда, Ақмолада, Оралда мекендеді. Шаруа халықтың көп бөлігі негізінен – Омск, Көкшетау, Ақмола облысы Ақмола уезінде, Торғай, Қостанай, Семей облысы, Павлодар уезінде қоныстанған болатын (Жиренчин К.А. 1996: 98б). Осы жерлерде жер өңдеушілік сол үшін де ерте жандана алды.

Шығу тегі жағынан бұлар Поволжье немістері (Сырдария облысы, Ақмола және Омск уездерінде) Оңтүстік Ресей отарлаушылары (Көкшетау, Қостанай, Павлодар уезі Транссібір магистралі Петропавл-Омбы линиясы жанындағы қазақ офицерлерінің жерін игерген) болатын. Діни өкілеттілік бойынша барлық аймақтарда лютеран, католик, менонит, адвентист, баптист сеніміндегі адамдар болды. Трансмагистралдар сол заманның жаңа жерлерді игеру мақсатына бағытталған ең қолайлы техникасы болатын.

Жаңа саяси кеңістікке бірден үйренісе алмайтын Орта Азиялық халықтардың мүддесі саяси тұрғыдан гөрі көбінесе дәстүрлік сипатқа жақынырақ еді. Осындай қиын тұста дипломатиялық қарым-қатынастың жаңаша формасы қолданылып, доменантты большевиктік партияның қатысуымен социалистік республикалардың жаңа шекарасы қалыптаса бастады. Алдағы қиын шаралардың бірегейіне ғана көңіл аудару қажет болып, шекаралық мәселеде ұлттық құндылықтардан гөрі геосаяси заңдылықтар жоғары тұрғаны мәлім.

Микромәдениетті елден макромәдениетті елге айналу жолында бәріне ортақ идеология қажет еді. Және де сол идеология барлық ұлт өкілдері үшін темірдей саяси жүйе мен сол кезгі қиындықтар бола түсті. Шекаралық қақтығыстар салдарынан келген месхетиялық түріктердің де көкейкесті мәселесінің бірі – жаңа Отан табу болатын. Келген жаңа мекеннен ондай қысымды айтарлық дәрежеде байқамағандықтан, олар тез сіңісіп кете алды. Келешекте Қазақстандық ұлттың дамуына әр ұлт өз әсерін тарих контекстінде тигізіп жатты. Тарихи санада жаңа көшіп келген халықтардың жаңа жерде байырғы тұрғындармен өздерінің тағдырлас екендіктерін сезіне отырып, жаңа саяси кеңістікте жаңа өмірге келе салысымен белсене араласа түсті (Бұрабаев М.С. 2007: 98 б).

Осындай саясаттың астыртын өзіндік мақсаты болғаны қазіргі таңда мәлім болып отыр, осылайша Ресей мәдени және экономикалық

тұрғыда отарлауын тоқтатпады. Орталық Азия республикалары арасында ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу аса күрделі мәселе еді. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңде жатуы мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туа түсті. Осы мақсатта РК(б)П ОК Орталық Азиялық бюросы жанынан және әр ұлттық республикалардың жеке комиссия бөлімшелері құрылды. XX ғасырдың басында қазақ жеріндегі мемлекеттік үшін күрес күрделі сипат алды. Осыған орай әртүрлі пікірлер таласы орын алды.

«Туркестанская правда» газеті «Ұлттық-мемлекеттік межелеу» деген тақырып төңірегінде жауапты қызметкерлер мен қоғам қайраткерлерінің пайымдауларын жариялады. Беделді қоғам қайраткері С. Қожанов келешек дамудың дұрыс жолы «әуелі экономикалық бірлестік, ал содан кейін, бәлкім, мемлекеттік федерацияландыру» болатынын дәлелдеуге тырысты және бұл жол межеленудің мәні мен нәтижесін ешқандай кемітпейді, керісінше межелеуді табысты аяқтаудың ақылға қонымды көрінісі, тарихи акті болатындығына оқырман назарын аударды. Мақалада ол: «Әзірге мынандай ой айқын – өзбектер мен түрікмендердің тәуелсіз республикалары жарияланды» – дей отырып, өз ұлтының да жүзеге асырылуға тиіс құқығын «жалпы саны 5 миллионнан асатын, оның 2 миллионы межелеу үстіндегі Түркістанда тұратын қазақтар тап сондай құрметке лайық және тап сондай жағдайды қалайды – деп тұжырымдаған еді (Қожанов С. 2009: 7 б).

В.И. Лениннің идеясы бойынша басталған Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеуге қазақ саяси басшылығының көзқарастары үйлесе бермеді. Мәселен Мұстафа Шоқайдың «Тұтас Түркістан» идеясы Орта Азиядағы түркі мемлекеттерін біріктіруге арналған еді. Бірақ Кеңестік билік Мұстафаның бұл идеясынан өлердей қорықты. «Мұндағы саяси тіршілікке сын көзін қадап отырған М. Шоқайдың түрлі мысалмен дәлелдеп қорытқанындай большевизм «Түркістанда ұлттық тұтастық пен ұлттық мемлекеттің құрылуынан өлердей қорқады. Сондықтан қайткен күнде де мұндай тұтастықты болдырмауға тырысады».

Тұтастықты бұзудың жалпытүркілік тұтастықты сезінуді беретін қуатты әлсіретудің төте жолы – Орта Азиядан, алдымен Қазақстанды оның Орта Азиялық бөлігімен қоса бір бөліп алу, сөйтіп бауырлас халықтардан қазақтарды

ажыратып алшақтатып жіберу» (Ирмуханов Б.Б. 1996: 232 б). Мұстафа Шоқайдың идеясы мен Тұрар Рысқұловтың да идеясы бір болатын.

Ол Түркістан Республикасын құру үшін күресті. Кеңес өкіметі қазақ зиялыларынан, олардың идеясынан халықты алшақтату мақсатында 1924 ж. соңында Монғолияға елші етіп ауыстырды. 1923 жылдың соңына таман бұл бағыттағы шаралар тұрақты сипат ала бастаған еді. РКП (б) Орталық Комитетінің алдында Орта Азияның үш республикасының аумағын қайта межелеп, жеке-жеке ұлттық республикаға жіктеу міндеті тұрды. РК (б)П-ның XII съезіндегі кейін Орта Азия республикаларының партия және кеңес органдары РК (б)П ОК-нен Орта Азияны ұлттық территориялық жағынан межелеуді жүргізу мәселесін құрауды сұрады.

Ал 1924 жылы Қазақ АКСР-інің үкіметі қаңтар айында өткен кеңестердің IV съезінде Жетісу мен Сырдария облыстарындағы қазақ аудандарын қосу туралы мәселені орталық партия комитетінің және мемлекет органдарының алдына қойды. 1924 жылы 31 қаңтарда РК(б)П ОК-нің хатшысы Я.Э. Рудзутакқа осы мәселе жөнінде Ташкентте кеңес шақыруды тапсырды. Кеңес 1924 жылы наурызда өткізілді.

Түркістанның ұлттық-территориялық межеленуі туралы Түркістан коммунистік партиясының орталық комитетінің хатшысы А. Рахымбаев баяндама жасады (Майманов Ғ. 2005: 132 б). Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері С. Асфендияров өз сөзінде Қарақырғыз автономиялы облысын құрудың заңдылығын дәлелдеді. Бұны өз сөзінде Атабаев қолдады. Орта Азиялық экономикалық кеңестің төрағасы М.А. Пасутский «аймақтың экономикалық бірлігі қолайлы» дегенге ғана сүйене отырып, Орта Азияның барлық дерлік республикаларын біріктіруді талап еткендігі бар. Ол шындығына келгенде межелеуге қарсы шыққандығы үшін жоғарыға ұнай қоймады. Сұлтанбек Қожанов та өз кезегінде «түркі тайпалары мен бірыңғай түркі тілдес халықты құрайтын этникалық негіздерді апарып жасанды күйге көшіруге болмайды», – деген болатын. Кеңес Пасутский мен Қожановтың пікірлерін қабылдамай тастады (Атабаев Қ. 2000: 122 б). Оның да өзіндік себептері бар екендігі мәлім.

Ол Рақымбаевтың Орта Азияны межелеу туралы баяндамасының негізгі тезистерін мақұлдады. Жергілікті ұйымдардың пікірлері анықталғаннан кейін мәселені талқылау РК(б)П ОК-нің Орта Азия бюросы мен орталық партия органдарына көшірілді делінген болатын (Атаба-

ев Қ. 2000: 118 б). 1924-1926 жылдар шамасында Орта Азия халықтары үшін этникалық-территориялық шекараларын межелеу барысында не бөлу кезінде Шыршық өзенінің батысында Ташкент уезінің Болат, Зеңгіата, Ниязбек болыстықтары мен Қауыншы станциясы төңірегінде дау болды. Шыршықтың шығысына қарай Ташкентке қарай күрішті аудандарды құрайтын алты отырықшы қазақ болыстықтары орналасқан.

Қазақстан Республикасына өткен өзбектер мен олар мекендеген шұрайлы жерлердің төлемі ретінде жоғарыдағы 6 отырықшы қазақ болыстықтары Өзбекстан территориясына енгізіледі (Қазақ университеті баспасы, 1997: 85 б). Осы Ташкент және оның маңайындағы аудандарды Өзбекстанға енгізу мәселесіне Темірбек Жүргенов өз ой пікірін айтты. «Даулы мәселелер аумақтық және экономикалық межелеуде болып отыр, – деп бастады сөзін Т. Жүргенов.

Бірінші мәселе – Ташкент қаласы. Ең жоғарғы партия органының шешіміне қарамастан Ташкент қаласы туралы шешімді қайта қарауға қол жеткізу қажет». Т. Жүргенов 6 болыстық аумағының Өзбек республикасына жөнсіз қосылып кеткендігін сөз етті. Ташкент уезінің 29 болысының тек екеуінде өзбектердің саны басым. Қалғандарында қазақтар тұрады. Осының бәрі де Ташкент қаласы мен уезінің Қазақстанға қосылуы қажет екендігін көрсетеді. Мысалы, Ташкент уезінің Шыршық бассейнінде 100 мың қазақтар тұрса, онда тұратын өзбектердің саны 7 мың ғана екен. Мырзашөл уезінде тұратын халықтың 80 пайызы қазақтар. Уездің Голодно-степ суландыру ауданы Қазақстанға тиесілі еді. Мырзашөлге қатысты өзбектердің таласарлық мықты дәлелдері жоқ, дей келе Т. Жүргенов Бұқара республикасында тұратын қазақтардың мәселесіне ауысты. Олардың тұрмыс халі адам төзгісіз. Оларға автономия беру мәселесіне, Өзбек республикасы құрамындағы Қазақ автономиясын құруға қол жеткізу қажет деп талап қойды Т. Жүргенов (Қойшыбаев Б. 2000: 18 б).

Орта Азиядағы ұлттық – мемлекеттік межелеуді тікелей жүзеге асырушы Орта Азия бюросында И. Зеленский, Я.Э. Рудзутақ, К. Бауман, Ф. Карклин, В.В. Куйбышев секілді азаматтар қызмет етті. Өзбектер жағынан А. Икрамов, Ф.Ходжаевтар жұмыс жасай бастаса, қазақтар тарапынан С. Қожанов, С. Мендешев, Т. Жүргенов секілді атқа қонатын азаматтар атсалысты. В.В. Куйбышев жергілікті халықтар арасында саяси-партиялық жұмысқа көп уақыт бөлді, Түркістан республикасында қарулы күштердің

құрылуының интернационалды қағидасын қорғады.

Ұлттық-мемлекеттік межелеудің жүргізілуі барысы және оның мәні үнемі баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. Халықты алдын ала осындай саяси болатын өзгерістерге психологиялық түрде дайындап, құлақтарын әуелгіде үйретіп алуларын қадағалады. Ал 1924 жылы 26 тамыздағы РК(б)П Киробком Төралқасының мәжілісінде осы мәселе кеңінен қаралғанда Мендешев Түркістан АКСР-і мен арадағы шекараны межелеуге байланысты өзінің баяндамасын жасады.

Қазақтар, өзбектер, қарақалпақтар, түрікмендер, қырғыздар мен тәжіктер араласып өмір сүріп үйреніп қалған кейбір өңірлер үшін шекара мәселесі өте ауыр болды. Оны қазіргі әсіресе Ферғана аймағынан байқасақ болады. Этностық сипатқа сәйкес кезінде бұл жердің шекаралық түрдегі белгіленуі кейбір геосаяси қиындықтарға ұшырағанын байқатып отыр. Қалай дегенде де этностық өмірдегі ортақ мәдениет ошақтары, дәстүрлері, сенімдері бұл ұлттарда ортақ болғанымен, алайда ұлттық тұрғыдағы иденттілігі бірдей емес еді (Протокол заседания Президиума Киробкома, 1992: 43 б).

Мендешев республикалар арасындағы шекараны анықтауға әр елден үш адамнан өкіл қатысқан комиссияның күрделі және келісімді жұмыс атқарып жатқандығы жайлы хабардар етіп, біраз қарама-қайшылықтар тудырып отырған мәселелерге ерекше тоқталып, комиссияның ұлттық-территориялық межелеуге қатысты шешімдерінің қорытындысымен таныстырды. Ташкент уезінің ұлттық құрамы төрт белбеуден тұратын, Біріншісі – Ангрен өзені бойындағы орналасқан 8 бірдей болыстан тұратын Құрамыс руы мекендейтін шығыс белдеуі еді, ол қазақ делегациясының пікірінше, қазақ ұлты өкілдері болып саналады, ал өзбек делегациясы, керісінше, олардың өзбектерден тарайтындығын дәлелдеді.

Осындай қиын аспектілерден халықаралық қақтығыстың туындауы әбден мүмкін еді. Шешімі қиын оңтүстік аймағымыздағы жер дауы үлкен талас тудырып, өз кезегінде екінші белдеуге бөлгізбей қоймады.

Екіншісі – Шыршық өзенінің сол жағалауындағы қазақ халқы басым тұратын 8 бірдей болыстан құрылған белбеу. 1924-1926 жж. Орта Азия халықтарының этникалық сипаттағы территориялық шекараларын межелеу барысында Шыршық өзенінің батысындағы Ташкент уезіне қарасты: Болат, Зеңгіата, Ниязбек болыстықтары

мен Қауыншы станциясы төңірегінде дау болды. «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» секілді дискуссионды түрдегі бұл көп мәселеге биліктің араласуы еш нәтиже бере қоймады.

Аталмыш мәселеге орай Шыршықтың шығыс беткейінде жатқан Ташкентке қарай күріш егумен айналысатын аудан бөліктерін құрайтын алты отырықшы қазақ болыстықтары орналасқан еді. Қазақстан Республикасына өткен өзбектер мен олар мекендеген шұрайлы жерлердің төлемі ретінде жоғарыдағы 6 отырықшы қазақ болыстықтары Өзбекстан территориясына енгізіледі. Бұл тұрғыда да тепе-тең дәрежеде мәселе қаралмады (Омарбеков Т.О. 1999: 88 б).

Үшіншісі – 4 болыстан құралатын, халқының құрамы әрқилы құралып отырған, 1920 жылғы халық санағына сүйенген өзбек елінің пікірінше, мұнда өзбек халқының саны көп, ал қазақ өкілдерінің ойынша, бұл жерде қазақ халқы басым болатын орта белдік еді. Кейінгі саясаткерлердің пікірінше, осы айтылып отырған үшінші, яки орта белдеуде қазақы мүдделік қарастырылуы керек еді. Өйткені жартылай көшпелі мәдениеттегі Ұлы Жүздің – сіргелі, шанышқылы, қаңлы, дулат, ошақты, ысты, сары үйсін сынды рулары, Орта Жүздің – қоңырат, найман, Кіші Жүздің – табын, тама, шекті, адай, төртқара, жаппас, жағалбайлы сынды рулары басымдық танытқан.

Төртінші белбеу – тұтастай қазақ халқы мекендейтін Ташкент уезінің батыс бөлігіне қарасты жер еді. Комиссия құрамында жұмыс жасаған қазақ бюросының жобасы бойынша, бүкіл Ташкент уезі Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрамына өтуі тиіс болатұғын. Ал Өзбек бюросының жобасы бойынша, Қазақстанға тек төртінші белбеуді беру қарастырылған. Комиссияның қарауына осындай бір емес екі жоба ұсынылды.

Қырғыз (Қазақ) АКСР өкілдерінің бұл ұсынысы өкінішке орай кезекті өткен Түркістан компартия басшылығының комиссиясында қолдау таппады, алайда 1911 және 1920 жылдар аралығындағы халық санағы мәліметі бойынша сол жылдардағы санақ мәліметі көбінесе қазақ пайдасына шешілген. Неге десеңіз Ташкент уезінде қазақ халқы шамамен – 60% құрады, өзбектер – 30%, құрамалар – 8% құраған. Екі жақты пікір алысудың нәтижесінде комиссия Ташкент пен оның айналасын 30 верст радиус көлемінде Өзбек Республикасына беру жөнінде шешім шығарды.

Ташкент уезінің қалған территориясын межелеу жобасы айтарлықтай талас тудырмайды. Екінші талас тудырған мәселе – Мырзашөл

уезі болды. Бұл уездің барлық территориясы көшпелі қазақ елін суландыруға бағытталған бір арнаның жүйесімен шектелді. Қазақ делегациясы 3 өзбек болыстарынан басқа уездің барлық территориясын Қазақстанға қосуды ұсынған болатын, ал өзбек делегациясы, керісінше, мүлде қарама-қайшы ұсыныстар ұсынумен болды. Комиссия бұл мәселені қарастыра келе, қазақ делегациясының ұсынысын қабылдады (Сейдін Н.Б. 2006: 39 б).

Комиссия межелеу бойынша барлық дайындық жұмыстары 15 қыркүйекке дейін, ал 20 қазанда межелеу белгіленген тәртіппен толық аяқталуы тиіс деген шешімін шығарды. Орта Азияны межелеу барысында 1924 жылы Орта Азия бюросы өте үлкен дау-дамайға тап болды, өйткені үлкен қалалардың бірі республикаға өтуі, шекараның өзгеріске ұшырауы мен көші-қон процесі, осының бәрін бастан кешіру халық үшін оңай тиген жоқ. Республикалар мен облыстар ішінде «автономиялы қалалар», ұлттық анклавтар мен автономиялы сипаттағы ұсақ бөлшектер құру жобалары да ұсынылды. Бұл мәселені тағы да бір мақаламның соңына қарай бір қарастырып өткенді жөн санадым.

Дәл осы жылдары Ташкент қаласы үшін талас-тартысқа толы саяси келіспеушіліктер басталды. Қос республика үкіметтерінің комиссиялары арасында үлкен дау-дамай басталғаны анық. Қазақтың С. Қожанов бастаған тобындағы тұлғалар Ташкент қаласын қазақ автономиялығына қарату қажет деген бастама көтерді, сонымен қатар билеуші әулеттен шыққан қазақтың атақты 3 билерінің осы жерде жатқандығын айтып өтті. Ол осы қаланың тарихында Ташкенттің он екі қақпасын қазақтар тарихи ескерткіштері молынан шоғырланған осындай ұлы қаламызда қазақылықтың исі күні бүгінде аңқиды. Бұған тарих қана толыққанды куә бола алады.

Өзбекстанда қазақтардың шоғырланған аймақтары негізінен Бұхара, Науай, Қашқадария, Қарақалпақстан автономиялы тұрғыдағы облыстары болып табылады. Мұнда негізінен кіші жүздің алты ата Әлімұлы және он екі ата Байұлы рулары, ал Өзбекстан мен Қарақалпақстанда жетірудың: табын, жағалбайлы, рамадан, керейіт, кердері, тама, телеу рулары көптеп шоғырланғандығын да жасыра алмаймыз (Сафаров Г. 2002: 90 б).

Өзбекстандағы кіші жүз қазақтарын XVI ғасырда Тәуекел ханның Ташкент, Түркістан, Самарқандты басып алған ұрпақтарымен байланыстырады.

Болашақ шекаралық мәселені анықтау үшін КСРО тәжірибесінде қалыптасқан мынадай үш принциптің негізге алынуы тиіс болды:

I. Ауданның табиғи-тарихи жағдайының бірегейлігі;

II. Материалдық құндылықтар;

III. Халықтарының өзара рухани мәдениеттерінің жақындық барысындағы біртектілігі.

Ұлттық-мемлекеттік межелеу барысында Түркістан АКСР-ның Қазақ АКСР-на қосылуының тарихи зор маңызы болды, өйткені Түркістанның Сырдария және Жетісу облыстарының қазақтар басым өңірлері ҚазАКСР-нің құрамына қосылуы тиіс болды. Бұл мәселені шешу оңай болған жоқ, тарихымызға үңілсек 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды, оның әкімшілік орталығы – Ташкент қаласы болды. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік территориясы сол кезде аталмыш генерал-губернаторлыққа енді. Екі ірі облыс құрылды Сырдария және Жетісу.

Сырдария облысының әкімшілік орталығы – Ташкент қаласы болса, Жетісу облысының – Верный қаласы болды. Сырдарияның халық саны 1,8 млн. адам болды, соның 420 мыңы, яғни облыс тұрғындарының 4/1 бөлігі Ташкент қаласының халқы құрады, алайда бүкіл облыс халқының санын есептегенде қазақтар басым болды (1 млн. астам), өзбектер 440 мың адам (Қойшыбаев Б. 2002: 18 б).

Ал Жетісу облысына қазіргі Қырғызстанның – Пішпек, Пржевалский уезді, қазіргі Алматы облысы және сол кездегі Аягөз ауданы кірді. Бұл облыстың халық саны – 1,3 млн. адам, қазақтар (882 мың адам) басым болды. Межелеу басталғаннан кейін пікір-таластардың көбейгені бар. Халықтардың ұлттық құрамы бойынша территорияны межелеу принципіне саяси тұлғалардан С. Хожанов пен С. Асфендиаров қарсы болды. Олар К. Атабаевтың көмегімен Түркістанның біртұтастығын сақтап, ортаазиялық ауқымда РСФСР құрамында Кеңес Федерациясын құруды ұсынды. Бірақ большевиктік жүйеге ондай ауқымды үлкен мемлекеттік бірлестіктің бірден енгені үлкен қауіп тудыратын еді. Сол үшін бұл ірі бірлестікті бірнеше ұсақ бірлестіктерге бөлу керектігі қажет еді. Біртұтас түркістандық идеяны жақтаушылар өз кезегінде ауыр соттарға тартылғаны ақиқат (ОҚО мемлекеттік мұрағаты, 1 тізімдеме, 33 бума, 437-іс, 1-б).

Мұстафа Шоқай бастаған бір топ қазақ зиялылары елорда ретінде Ташкент қаласын қоюды, ал мемлекеттік тіл ретінде қарақалпақ

тілін таңдаған еді. Оның астарына үңіліп қарар болсақ, үлкен саяси құндылықтардың басым жатқандығын байқаймыз. Өйткені шындығында қарақалпақ тілінің қазақ тілінен көп айырмашылығы жоқ. Ортаазиялық қырғыз, өзбек, түрікмен, тәжік ұлттарына қарақалпақ тілін үйретудің ең бір қолайлы тұсы ол қазақ тілінен көп айырмашылығы жоқ еді. Яғни, ортаазиялық халықтардың арасында доменантты қазақ белгісінің күшеюіне жол ашатын бірден-бір фактор болатын. Елорданы Ташкентке көшірудегі ең маңызды қадам есебінде біздің тарихи өз астанамызды әскери күш қолданбай бейбіт түрдегі саяси жолмен қайтарып алғанымызбен бірдей еді.

Әлемдік өркениеттердің арасында көшпенді өркениеттің XX ғасырдағы әлсіреуі тікелей шекаралық межелеу мәселесімен байланысты күрделі процесс. Өйткені, сол уақытқа дейін Сыр мен Әму өзендері түркілік компоненттердің арасындағы отырықшылық пен көшпенділіктің арасын бөліп тұрған орта сызық сияқты еді. Біртұтас Түркістан аумағындағы халықтардың бір жүйеде бір мемлекетке айналуы, сол өңірде территориялық басымдыққа ие қазақ халқының доменантты белгісін күшейтетін саяси процесс еді (Майманов Ғ. 1997: 87 б).

Сол үшін мұндай біртұтастылық айналып келгенде жаңадан құрылып жатқан Кеңестік жүйеге ішкі келіспеушіліктер туындаған кезде жаңа азамат соғысына, не басқа да жанжалдарға алып келе алатын аса қауіпті құрылым еді. Мұндай келіспеушіліктің алдын алу мақсатында большевиктік саясат Орта Азиялық кеңестікте тең таразылауды жөн көріп, геосаяси үлкен маңызға ие саналатын сол кездің ірі қаласы Ташкентті өзбек халқына қалдырды. Ол жердегі жергілікті қазақ халқының үлесі мүлдем ескерілген жоқ.

Осындай келеңсіз тұстарда Түркістан Республикасы атынан сөйлеген Т. Рысқұлов пен Н. Ходжаев, Қазақстаннан А. Байтұрсынов пен Ә. Ермеков, Башқұртстаннан З. Валидов пен Х. Юмағұловтар қол қойған межелеуге байланысты саяси хаттың түпнұсқасында сақталып көтерілген біртұтастылық мәселесі бар. Т. Рысқұлов бастап қол қойған дәл осы бір құжаттағы ұлтымыздың қайраткерлері: «бүкіл осы қасірет бір ғана жағдайда: егер Ресейдің шығысында құрылған осы қуыршақ республикалардың бұратана еңбекшілеріне партиялық, шаруашылық және әскери ұйым салаларында өз инициативасын танытуға мүмкіндік жасалатын болса ғана шешіле алады... Көмек қажет, бірақ зорлық-зомбылық бол-

масын» – деген сөйлемдермен бітеді. Біз бұдан қаншалықты межелеудің ұзаққа созылған процесс екендігін де жәй көзбен көру аса қиын емес екені рас (Қойгелдиев М.Қ. 1997: 98-б).

XX ғасырдың басындағы айтарлық оқиғаларға толы осындай жәйттер Қазақстан Республикасының қазіргі шекарасын анықтап берді. Британ энциклопедиясының мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан өзінің бестен екі территориясын жоғалтқан. Бұл дәйекке сүйеу ретінде, «Вся Казакстан» атты сол дәуірде жарық көрген орыс энциклопедиясының көрсетіліміндегі: Челябинск, Қорған, Омбы, Саратов (Сарытау), Самара, Астрахань, Волгоград, Ор, Орынбор жерлері қазақ жерлері деп айтылады.

Қазіргі таңда Саратовта – 160 000, Орынборда – 200 000, Астраханьда – 200 000 шамасында қазақтар тұрады. Сонымен қатар қазақ халқының басым үлесі шекаралас Омбы облыстарында да айқын көрінеді. Оған куә 1867-1868 жылдардағы уақытша ережеге сәйкес, Орынбор генерал-губернаторлығының орталығы Орынбор қаласы болды, құрамындағы Торғай облысына Челябинск, Ор облыстары да жатқызылды. Ал, Орал облысына Орынбор мен ішінара Саратов, Волгоград (5 қазақ ауданы), Астрахань облыстары бар еді (Қожанов С. 2009: 7-б). Қазіргі таңда бұл жерлерде байырғы өз жерінде тұрып жатқан қазақтардың үлесі бұзылмай сақталып келе жатыр.

Ел ауызындағы:

«Айт, шу, айт, шу қара нар,
Орынборға тура бар», –

дейтін үзінді өлеңдері күні бүгінге дейін қолданыста жүр. Алаш зиялылары бұл қалада алғашқыда «Қазақ» газетін басып, елді ағартумен айналысты. Заманының көрнекті жұлдызы саналатын Ғұмар Қараш өз ғылымдық мектебін Орынбор қаласынан бастап, «Мұғалім», «Қазақстан» атты газет-журналдарын басумен айналысқан. Татар классигі Ғабдолла Тоқай да Орал қаласын өзінің екінші үйі санап, Орынборды қазақтың ең ұлы қаласы, қазақ қалаларының анасы деп бағасын берген. Азамат соғысы бітісімен, бұл сұрақ бей-жай күйінде қалып, ақ гвардияшылардың жеңілісінен кейін, аталмыш жерлер жаңадан құрылған РСФСР құрамына қосылып кетті (Бекмаханов тағылымы, 2004: 312-313-б).

Ел зиялылары сол кезде үлкен көрегендік саясат таныта отырып, Қостанай жерін Челябинскке қосылып кетуден сақтап қалды. Орын-

бор губерниясындағы жағдай Батыс-Сібір губерниясын да айналып өтпеді. Губерния орталығы болған: Тобыл, Омбы сынды қазақ зиялылары білім алған қалалар РСФСР құрамына берілді. Қызылжар өлкесімен бірге болған Қорған жері бөлек облыс болып шаңырақ көтеріп, РСФСР құрамына өтті. Көшпенділік сарынның жалынын бәсеңдету мақсатында, большевиктік идеологтар бұл екі губернияның жеріне ішкі орыс жерлерінен, әсіресе Воронеж облыстарынан славян шаруаларын қоныстандыра бастады.

Нақты деректерге сүйене отырсақ, 1905-1907 жылдары аралығында қазақ халқынан 17 млн десятина жер тартып алынған. Ал, 1917 жылы коэффициент әлдеқайда өзгеріп, оның ауқымы 45 млн десятинанан құрады. Ішкі Ресей облыстарынан қазақ жеріне 2 млн 400 мың шаруа қоныс аударылып, олар ең бір шұрайлы жерлерге орналастырылған. Кейін олардың саны одан да ұлғая, өсе түсті. Ақмола облысындағы қазақтардың үлесі кейінгі санақта тек небәрі 33%-ды ғана құраған (Ирмуханов Б.Б. 1996: 232-б).

Әсіресе, байларға қарсы жүргізілген саясат нәтижесінде жайылымдық жерлер қысқартылып, олар жер өңдей алатын славян крестьяндарына берілгені ақиқат. Дәстүрлі шаруашылық күйзеліске ұшырағандықтан, көшпелі Орта Жүздің қазақтары жаппай Арқаға ауып, қазақтардың басым үлесі оңтүстік өңірлерде жаппай өсе түсті. Кіші Жүз қазақтары шеаралас Қарақалпақстан, Түрікменстан, Өзбекстан жерлеріне ауа көшіп, олардың көшу легі XX ғасырдың 40-жылдарына дейін жалғасқан. Енді ғана «нұрлы көш» бағдарламасына сәйкес қандастарымыз өз жерлеріне оралып жатыр (Атабаев Қ. 2000: 45-б).

1925-1933 жылдар аралығында «Кіші Қазан» саясатымен Қазақстанды Голощекин басқарғанда да бұл жағдай күрт ушығып кеткен болатын. Шекаралық өңірлерде тұратын қазақтардың саны байлардың малын тәркілеуден кейін ел ашаршылыққа ұшырап, республика көлемінде 2,1 млн адамға кеміген. Осы зұлмат жылдарында дәстүрлі шаруашылық әлдеқайда төмендеп, отырықшы сарын танылды. Ал ел отырықшылана бастады.

Помещиктік қатынастар жаңартылып, барлық мүлік мемлекет меншігіне өткен коммунистік кезеңде Қазақстан жеріне 15 одақтас республикадан түрлі этникалық топтар ағыла түсіп, жаңа синтез түзіле бастады. Әсіресе, шекаралық мәселеден кейін өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, тәжік ұлттарының

өкілдері бұрынғы Түркістан губерниясының Сырдария, Жетісу облыстарында популяциялық тұрғыда өсе түсті. Сырдария облысында өзбек, қарақалпақ, түрікмен ұлттары кездесе, Жетісу облысында ұйғыр, дүнген, қырғыз, тәжік ұлттары мекен етті (Майманов Ғ. 2005: 23-б).

1938 жылдары Қиыр Шығыстан кәрістер күшпен қоныс аударылып, олар негізінен екі бағытта көшірілді. Бір тобы қазіргі Қызылорда облысына көшірілсе, екінші тобы қазіргі Алматы облысына (бұрынғы Талдықорған облысына) көшірілді. Жетісуда кәрістердің 57 ұжымшары құрылғаны тарихи деректерден расталып отыр. Алайда мұндай қоныс аударулар байлардың малын тәркілегенде Қытайға ауа көшуге мәжбүр болған 238 000 қазақ санын толтыра алған жоқ. Біз бұдан қазақтың саяси тарихы қанмен жазылғандығын көре аламыз. Қазірге дейін ел ауызында жүрген «зұлмат жылдарының» қасіреті жоңғар мемлекеті алып келген «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кем болмай шықты. Жойылған халық санын отырықшыландыру мақсатында шекаралық межелеу жылдары көшіп келген жаңа этностық құрылымдар толтырумен болды. Ел ішіндегі аласапыран жағдайда бәрін бір ортақ тәртіпке шақыра алатын конституция керек еді. Ендігі кезекте шекаралық межелеуден кейін негізгі мақсаттардың бірі болып мемлекеттік конституцияны қабылдау туралы шешім кезекті ағымда тұрған (Сейдін Н.Б. 2006: 12-б.).

Конституцияны жасауға сол кезгі одақтас республикалардан түгел дерлік большевиктік көзқарасты толықтай жақтаушы саяси ойлау жүйесі еркін адамдар қатысты. Жаңадан құрылып отырған КСРО конституциясы 1936 жылы 5 желтоқсанда Кеңестердің VIII Бүкілодақтық Төтенше съезде қабылданған болатын. Жаңа конституция бойынша, жарияланған 1937 жылы 26 наурызда Қазақ АКСР-і одақтық республика болып қайтадан құрылды. 1937 жылы наурыз айындағы өткен Қазақстан Кеңестерінің Төтенше X съезі ғана Қазақ КСР Конституциясын бекіткені бар. Ол қабылданған КСРО-ның жаңа Конституциясы жаңа республикалық одақтық конституцияларды қабылдаумен айналысып, оған жаңа толықтырулар мен өзгерістер енгізді. Оның ішінде де, одақтас республикалар конституцияларының құрылымы мен мазмұны КСРО конституциясынан өзгеше болмауы керек еді. Әр одақтас республиканың КСРО құрамынан еркін шығу құқығы бас кезінде формалды түрде сақталғаны бар, олардың саяси келісімінсіз одақ-

тас республикасының аумағы өзгеріске ұшырамауға тиіс болды (Қойшыбаев Б. 2002: 43).

Конституция барлық одақтас елдердің тарихи қалыптасқан территорияларында бүкіл одақтық заңдық аспектілердің күші бірдей жүретіндігі туралы жаңа ережелік нұсқауды жасап шығарды. Оларға тоқтала кетсек: одақтас республикалардың заңы мен бүкіл-одақтық заңы алшақ келген жағдайда бүкіл-одақтық заң қолданысқа алынды. Бұдан қорытындылауға болатыны, Конституция одақтас республикалардың үстінен одақ заңының басымдығын түбегейлі бекіткенін көруге болады. Ол жерде республикалық басқарушы органдардың одақтық және жергілікті органдар актілерін бөгеу немесе қарсылық көрсету құқығы тек қарастырылмаған болатын. КСРО-ның барлық азаматтарына бір ғана одақтық азаматтық белгіленіп, одақтас республикалардың әр азаматы мен азаматшасы КСРО азаматы болып есептелді. Осындай бір құжатта декларацияланған барлық құқық атаулысына қарамастан, республикалар нақты тәуелсіздікті және де өзін-өзі басқаруды да ала алатын еді. Конституция алғашында Қазақстан жерінде тұрып жатқан барша ұлт пен ұлыс өкілдеріне жаңа үміт сыйлады.

Қалай дегенменде, Қазақстан Республикасының суверенитеті туралы формалды түрде ғана мойындағанның өзінде де және оның орналасқан тұтастай жерін де заң жүзінде бекітіп беруі біздің мемлекетімізде өте үлкен рөл атқара алды деп есептеуімізге болады. 1937 жылғы 12 желтоқсанда республикадағы аталмыш Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өткендігі туралы архив құжаттарынан көре аламыз. Сайлау барысында кейбір заңдылықтар дұрыс қарастырылмай, ол демократиялық сипатта бола алмады. Қазақстан халқы жоғарыдан бекітілген кандидаттарға ғана дауыс берумен шектелгендіктен, біз жоғарыда айтылған конституцияның айтарлықтай демократиялық сипатта қызмет атқармағандығын байқаймыз (Жиренчин К.А. 1996: 76-б).

Қарап тұрсақ, қазіргі Қазақстан жерінде тұрып жатқан 130-ға жуық түрлі ұлт пен ұлыстардың тағдыры әрқилы кезеңде түрліше дамып, өз жерлерін бейібіт түрде өз еріктерімен тастап кетпегенін көрер едік. Тәуелсіздік алғаннан кейін елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында қазақстандық жаңа ұлттың қалыптасуына бағыт алып отырмыз. Саяси тұрғыдан бұл қазақстандық барлық халықтардың бір шаңырақ астына бірігуіне алып

келетін тамаша бағдарлама болмақ. Ол жерде доменантты титулды ұлт ретінде қазақ халқы, ал тіл ретінде қазақ тілі, ресми іс-құжаттары негізінде қазақ пен орыс тілдері, ал дінге ерік беріліп отыр. Мұның артында біз Мұстафа Шоқай бабамыздың бір кезгі арманының бір сарқаншақ ізі жатқандығын байқай аламыз.

Қорытынды

Қазақстандық жаңа геосаяси кеңістіктің интеграциялануында біз аумақтық межелеудің үлкен рөлін көре алар едік. Отандық тарихнамашылар соңғы жылдары бұл кеңістікті: түркі-мұсылмандық және славян-христиандық деп екіге бөліп қарастырып жүр. Гумилевтің «еуразияшылдық» идеясының мүмкіндігі, яғни үнді-еуропалықтың алтайлық белгіге өтуі ғажап емес деп гипотез жасағандығы саяси және мәдени тұрғыда да жанды дәйексөз екендігі толық дәлелденіп отыр. Қазақстан жерінде көпкомпонентті еуразияшылдық идеологияның өз кезегінде өміршендігі бұлалып территорияның Батыс пен Шығыс ортасында тұрған алтын көпір болуымен түсіндіріледі. Ал, өткен ғасырдағы шекаралық межелеу мәселесі ол үрдісті барынша тездетте түсті (Сейдін Н.Б. 2006: 34-6).

Интеграциялық эволюциядан жаңа синтезге өтуіміз үшін қазақылық доменантты белгімізді заманауи өзгерістерге икемдеп алғанымыз жөн. Сол кезде ұлтымыздың өміршендігі ұзарып, мәдени тұрғыда өзге ұлттардың алдында басымдығы күшейе түсетіндігі сөзсіз. Саяси және мәдени өзгерістерге толыққанды шыдамды, һәм орнықты шамадағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның келешегі үшін, иденттілігімізді шекаралық өңірлерде күшейте түскеніміз өте қолайлы болмақ. Тарихи интерпретация өз кезегінде өзге ұлт өкілдерінің аталмыш территорияда тұрып жатқан байырғы тұрғындармен бірге тағдырлас екендіктерін сезіне алудан басталады (Атабаев Қ. 2000: 23-6).

Неге десеңіз, шекаралық өңірде иденттілігі әлсіз болған халық өз шекарасын жоғалтып

алуы әбден мүмкін. Сол үшін тарихи интерпретациялануда әр халықтың өткені мен бүгінін және ертеңісін толық ескергеніміз дұрыс. Оларға қолайлы саяси орта туындаған кезде өз қауіпсіздігін сезініп, этностық жанжалдардан бой тасалап тұрып жатқан мемлекетінің бір бөлшегі екендігін түсінеді. Сонымен біз көптеген халықтардың елімізден ауа көшуін аздап баяулата аламыз. Осы тұста ғана олардың қазақстандық негізге ене бастауы, яғни қазақылана бастау үрдісі басталады. Мемлекет құру оңай емес, ал оны сақтап қалу одан да қиын екендігін бір кезде Элейлік мектепті құрған көне грек ойшылы Парменидтің өзі айтып кеткен болатын. Шекаралық межелеу мәселесінде қарастырылған ұлттаралық қатынастар көп жағдайда олардың бұрыннан бері тұрып келе жатқан көрші екендіктерін қарастырудан негіз алды. Ортақ мәдениет, дүниетанымдық көзқарас пен рухани ойлау кеңістіктері ортаазиялық халықтарда ғасырлардан бері келе жатқан бір жүйелі ұстанымдық үрдіс еді.

«Кедендік одақ», «Шаньхай» сынды ұйымдар қазіргі таңда шекаралық өңірлердегі халықаралық бірлікті жоғары деңгейде дамытып, саяси тұрақтылықты сақтау үшін өз күштерін салу үстінде. Тарихи дәстүріміздің көне тамыры болған Батыс пен Шығысты жалғастырушы «Ұлы Жібек жолы» да Батыс Қытай-Батыс Еуропа транс авто көлік жолдары арқылы қайтадан жанартылу үстінде. Осындай сарындағы оң саяси қадамдар жас Қазақстан Республикасын Орта Азиядағы көшбасшы мемлекетке айналдырып отыр (Қойгелдиев М.Қ. 1997: 34-6.).

Мемлекеттілікті сақтап қалу үшін ұлттаралық толеранттылық пен біртұтастылықты күшейте түскеніміз абзалырақ. Сол кезде саяси қазақстандық кеңістікке бірігуіміз сәтті боп, тәуелсіздігіміз баянды болады. «Қазақ хандығынан – Қазақстан Республикасына» дейінгі өзіміздің саяси жолымызда саяси біріге алуымыз өмірге жаңа идентификацияны алып келері сөзсіз дегім келіп отыр.

Әдебиеттер

- Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). – Алматы, 2000.
 Bargiela-Chiappinif. The Handlook of business discourse. –Edinburgh University Press, 2009. – 533 p.
 Бекмаханов тағылымы – 2004. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 18-19 мамыр. – Алматы, 2004. – 311-314 бб.
 Орта Азиядағы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихынан.
 Богачев А.К. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг.
 Бурабаев М.С. Становление социалистического сознания в Казахстане.
 Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков. – Алматы, 1996.

- Майманов Ғ. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы. – Алматы, 2005. – 146 б.
- Мұстафа Шоқай және Тұтас Түркістан идеясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
- Ирмуханов Б.Б. Сегодня Казахстана: историко-публицистический взгляд. – Алматы: Өлке, 1996. – С. 232.
- Қожанов С. «Туркестанская правда» газеті «ұлттық-мемлекеттік межелеу» мақаласы.
- Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995; Тарих тағлымы не дейді? – Алматы, 1997.
- Қойшыбаев Б. Орталық Азия кеңес республикаларының ұлттық-территорияның жіктелуі және қазақ саяси басшылығының ұлттық мемлекеттігі түрін анықтау жолындағы ізденістері мен қызметі (1924-1926 жж.). – Алматы, 2002. – 18-б.
- Сафаров Г. «Колониальная революция (Опыт Туркестана)»; Алексеев П. «Кокандская автономия (Революция в Туркестане)»
- Сейдин Н.Б. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. – Алматы, 2006. – 7 б.
- Омарбеков Т.О. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, 1999.
- Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (ОҚЖЭММ) 2439ор, 1-тізімдеме, 33-бума, 437-іс, 1-б.
- Протокол заседания Президиума Киробкома РКП(б) по размежеванию. АПРК. Ф.139. Оп. 1, д. 818 в. Л. 152-153.

References

- Atabayev Q. «Qazaq baspasözi Qazaqstan tarixiniñ derek közi (1870-1918).» А., 2000
- Bargiela-Chiappinif. The Handlook of business discourse. –Edinburgh University Press, 2009,- 533 p
- Bekmaxanov tağılımı – 2004. Xalıqaralıq ғılıмі konferenciya materialdarı. – А., 18-19 мамыр. – А., 2004. – 311-314 bb.
- «Orta Aziyadağı qazaq diasporasınıñ qalıptasw tarixı».
- Bogachev A.K. «Kratkiy istoricheskiy ocherk o natsional’no-burzhuaznom dvizhenii v Kazakhstane 1917-1919 гг.»
- Burabayev M.C. «Stanovleniye sotsialisticheskogo soznaniya v Kazakhstane»
- Жиренчин К.А. «Politicheskoye razvitiye Kazakhstana v XIX – nachale XX vekov.» А., 1996
- Мауманов Ғ. «Qazaq jeri tutastıǵın qalıptaswı». – А., 2005. – 146 б
- «Mustafa Şoqay және Tutas Tүrkistan идеялары.» А., Qazaq wñiversiteti, 1997
- İrmwxanov B.B. «Segodnya Kazakhstan: istoriko-publitsistitseskiy vzglyad» – А: Өлке, 1996. – с. 232.
- Qojanov S. «Tүrkistan pravda» gazetі «ulttıq-memlekettik mejelew» maqalası.
- Qoygeldiev M.Q. Aлаш qozǵalı. А: Sanat, 1995; Tarix taǵlımı ne deydi? А., 1997 j.
- Qoyşıbaev B. «Ortalıq Aziya memleketteriniñ ulttıq-territoriyalıq klassifikaciyası және qazaq sayası basılıǵınıñ izdenisteri men qızmeti (1924-1926 jj.) – Almatı, 2002, – 18 b.
- Safarov G. «Kolonial’naya revolyutsiya (Opyt Turkestana)»; Alekseyenkov P. «Kokandskaya avtonomiya (Revolyutsiya v Turkestane)»
- Seydin N.B. Qazaqstan Respwblıkasınıñ memlekettik shekarası: Qalıptaswı, мәselelikteri және anıqtalw barısı. – А., 2006 j. – 7 b.
- Omarbekov T.O. «Qazaqstan qasireti 20-30 jıldar». А., 1999
- Оңтүстік Qazaqstan oblıstıq memlekettik muraǵatı (OQJÉMM) 2439or, 1-katalogdeme, 33-bwma, 437-is, 1-b.
- Protokol zasedaniya Prezidiума Kirobkoma RKP (b) po razmezhevaniyu. APRK. F.139. Op.1, d.818 v. L.152-153.